

Кіріктірілген сабақ жобасының байқауы

Жаратылыстану мен қазақ әдебиеті пәндерін  
кіріктіре оқытудың педагогикалық маңызы

- **Зерттеу тақырыбының мақсаты:**

Жаратылыстану мен қазақ әдебиеті пәндерін кіріктіре оқытудың педагогикалық маңызын, іс - тәжірибеге енгізу арқылы құндылығын көрсету.

- **Зерттеу міндеттері:**

- озық педагогикалық технологияларды таңдау және іс-тәжірибеде қолдану.
- жаратылыстану мен әдебиет сабақтары арқылы қоршаған ортаны қорғау мәселесін қарау;
- экологиялық тәрбиені жүзеге асыру;
- сабақ процесінде өзіндік іздену, шығармашылықпен еңбек етуді ұйымдастырудың жолдарын көрсету.

- **Күтілетін нәтижелер:**

1. Кіріктіру сабақтары оқушының ой өрісін, дүниетанымын, қоршаған ортаға деген көз-қарасын кеңейтеді, дамытады.
2. Оқушылардың өзіндік іздену, рефлексиялық, болжамдық, ұйымдастырушылық белсенділіктерін арттырды.
3. Оқушылардың өзіндік білім алу деңгейі артады және вербальды логикалық ойлау жүйесі дамиды.
4. Ғылыми – танымдылық деңгейі қалыптасады.
5. Мұғалімдер жұмысының сапасы артады, шығармашылық жұмыстарға қатысу деңгейі жоғарылайды.

- **Болжам:**

Кіріктіре оқыту әдістемесі сабақ процесінде кіріктіріле оқытылған пәндер арқылы оқушының дүниетанымын кеңейтеді, ғылыми түсініктерін арттырады. Жаратылыстану бағытындағы пәндері мен қазақ әдебиеті пәнін кіріктіре оқыту қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелейді.

# Ақсақ киік 5 сынып



## Теңеу

Қап-қара екі көзі мөлдіреген,  
Әдемі екі танау желбіреген.

Елеңдеп жас балаша жалтандайды,  
Жел түрткен жусаннан да селдіреген.

Сөздік жұмыс  
«Бетпақдала», «киік», «бөкен»,  
«таңы», «баялыш», «сегіз  
көштік», «қос», «бетеге», «ел-  
жайлау»

- Өлең құрлысына назар аударайық
- Ар-қа-ның Бет-пақ де-ген да-ла-сы бар, 11 а
- Бет-пақ шөл ой-лы-қыр-лы па-на-сы бар 11 а
- Сол шөл-де ел жоқ ,күн жоқ өс-іп- өн-ген 11 б
- Жән-дік-тің киік де-ген ба-ла-сы бар 11 а
- Бұл өлең 11 буынды қара өлең ұйқасы деп аталады

Қазақстанда біраз аң мен құстар біржола құрып кетудің аз алдында тұр. Олардың қатарына – қар барысы, құдыр, қызыл қасқыр, арқар, үстірт қойы, тауешкі, қабылан, дала мысығы, сілеусін, қаракұйрық, камшат, көк суыр, қоңыр аю, күзен, сусар, құндыз, қаракөл, киіктер, т.б. жатады.

- **киік (*Saiga tatarica*)** – қоныс аударатын тұяқты жануар. Киіктің сыртқы түрі қойға ұқсас. Көздері үлкен, Аяқтары арық. Басын үнемі көлбеу түрде ұстайды, тек қозу не желігу кезінде басын жоғары көтереді. Мүйізі тек еркек киіктерде болады.

Құлағы мен құйрығы қысқа.

## Киік атаулары.

Қазақтар-ақбөкен,  
бөкен,киік, ақ киік,  
Өзбектер-сайғақ.  
Түркімендер-кейик,  
Түріктер-ақ құйрық,  
Қалмақтар-бухин,  
Моңғолдар-бухен

Ғылыми атауы-Saiga tatarisa  
Төлі-Құралай.

Мүйізінен „Пантокрин” дәрісі  
жасалады.

Еті-деликотес саналады.

Терісінен-аса бағалы былғары  
жасалады.

Жауы – қасқыр,түлкі,шибөрілер,  
бүркіт,қыран.

Адамдар еті,мүйізі үшін аяусыз  
атады.

# Математика пәнін кіріктіру

## Есеп

Егерде киіктің жылдамдығы 70км\сағат болса,

онда ол 2 сағат ішінде неше километр жол жүгіріп өтеді?

$$s=v * t$$

Мұндағы, s-жол,

v-жылдамдық

t-уақыт





# *М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда»*



Аққудың 6 түрі бар. Біздің жерімізде қыстайтын екеуі – сыбырлақ пен сұңқылдақ аққулар. Аққулар 30-40 жыл жасайды.”Бесік баласы бес түлейді” деген мақалға сай үш-төрт түлеп барып шын аққуға айналады.

## **Жетімкөл**



Ортаймаған Жетімкөл толмаған да ,  
Болған өмір ұқсайды болмағанға.  
Сызат та жоқ бетінде сызық та жоқ,  
Айдынына аққуы қонбаған ба?!

Аққулар (лат. Cygnus) — қазтәрізділер отряды, үйрек тұқымдасының жеке туысына жататын өте сымбатты құстар. Қазақстанда аққудың (Cygnus) үш түрі: сұңқылдақ аққу, сыбырлақ аққу, кіші аққу кездеседі. Мойны мен денесінің ұзындығы тең әрі иіліп келген. Денесі созылыңқы, басы онша үлкен емес, тұмсығы тік әрі жалпақтау келеді. Қысқа сирағы денесінің арт жағында орналасқан.




- Төрт жасқа дейін көгілдір аталып ата-анасының жанында жүреді. Ал құс төресіне айналғанда аталық-аналық болып жұп құрады. Аналық аққуды атасы ұзатады екен де, аталық аққуды анасы әкеліп қосады екен. Кәдімгі құда түсіп, қыз ұзатқандай салтанат-мереке. Сол күннен бастап жұб жазылмайды.

**Топтастыру**  
Ақын өлеңдеріне  
жазылған әндер

**М.Мақатаев**  
**«Аққулар**  
**ұйықтағанда**  
»

**С.Сейфуллин**  
**«Аққудың**  
**айырылысуы**  
»

**Поэтикалық талдау**  
**... Аққулар...**  
**Аққу – мойын, сүмбе-қанат,**  
**Алаңсыз тарануда күнге қарап,**  
**Айдынның еркелері, білмей**  
**тұрмын,**  
**Етермін тағдырыңды кімге аманат?**



- Атақты Гималайдан қанатты талмай ұшып өтетін құстың бірі – аққу.
- Өздері сайлаған топ басшысы көсемге еріп 8,500-9000 метр биіктікке дейін көтеріліп, сағатыны 95-100 километр жылдамдықпен ұшады.
- Салмағы -15-20 килограмм
- Қанат қарымы - 2 метр
- 3-9 жұмыртқа табады.
- 38-45 күнде балапан өргізеді.
- *Аққулар - өте тату құс. Басқа құстардай бажылдасып, шақ-шақ етіп ұрсысып, шоқысып, төбелесіп, сабаласып қалу бұларға жат. Үндемейді. Үнсіз түсініседі.*

# Қорытынды

- Қазақ әдебиетін жаратылыстану пәндерімен байланыстыра оқытудың ғылыми-практикалық және тәрбиелік маңызы өте зор
- Мектептерде оқытылатын пәндерді бір-бірімен байланыстыра, ұштастыра оқыту оқушылардың жан-жақты білім алуына жол ашады. Олардың білім алу жолындағы саналылығын арттырып, дүниетанымын кеңейтеді.



Тыңдағандарыңызға  
рахмет!

